

"Agro Camping Aral" ЖШС шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Ертіс ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 26 қаңтардағы № 1 шешімі

"Agro Camping Aral" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының өтінішін қарастырып, 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 19, 67, 69-баптарын, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағының б) тармақшасын басшылыққа алып:

1. "Agro Camping Aral" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Ертіс ауылдық округі, Прапорщиково ауылы, 068 есептік квартал, 59 үй мекенжайда орналасқан нысаналы мақсаты "тауар-ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін" кадастрлық нөмірі 05-068-068-023 қолданыстағы жер учаскесіне нысаналы мақсаты "көпір орналастыру үшін" кадастрлық нөмірі 05-068-068-246 жер учаскесіне өтуді жүзеге асыру үшін мемлекеттік меншіктегі жалпы алаңы 0,1554 га жер учаскесіне 20 (жиырма) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Жер учаскесін пайдаланғаны үшін мынадай ауыртпалықтар белгіленсін: инженерлік коммуникациялардың күзет аймақтарын сақтау, оларды жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз қолжетімділік беру; кадастрлық нөмірлері 05-068-068-147, 05-068-065-1059 және 05-068-065-883 жер учаскелерінің иелеріне кедергісіз қолжетімділік беру; шаруашылықаралық дала жолына қолжетімділікті қамтамасыз ету.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Е. Жумагулов